

## Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Заңы 1993 жылғы 9 сәуір N 1500. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2005.01.07. N 29 Заңымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасының қорғанысын ұйымдастыру негіздерін, мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының қорғаныс мәселелерін шешудегі өкілеттігін, оны экономикалық жағынан қамтамасыз ету жүйесін, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайту жөніндегі міндеттерін белгілейді; Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы жүйесіндегі Қарулы Күштердің рөлін, орнын және міндеттерін, сондай-ақ қорғаныс шараларын жүргізу тәртібін анықтайды.

**ЕСКЕРТУ.** Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.

## **I БӨЛІМ.**

### **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **1-бап. Қазақстан Республикасы қорғанысының негіздері**

Қазақстан Республикасының қорғанысы - республиканың егемендігін, аумақтық тұтастығын және оның шекараларына қол сұғылмауын қорғауға әзірлігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын саяси, әскери, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік-құқылық сипаттағы мемлекеттік шаралар жүйесі.

Қазақстан Республикасының қорғанысы Қазақстан Республикасына қарсы соғыс шабуылына жол бермеу және жасалуы ықтимал агрессияға қарулы тойтарыс беру үшін қажетті жағдайлар жасауды көздейді.

Қазақстан Республикасының қорғанысы мемлекеттің аса маңызды міндетіне жатады, бүкіл халықтың ісі болып табылады.

Қазақстан Республикасының қорғанысы мемлекеттің қорғаныс бағыты бар әскери іліміне сәйкес құрылады.

#### **2-бап. Қазақстан Республикасының қорғанысын ұйымдастыру**

Қазақстан Республикасының қорғанысын ұйымдастыру мыналарды қамтиды:

жоғары мемлекеттік басқару органдарының мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайтуға, әскерлерді (күштерді) үнемі жауынгерлік әзірлікте ұстауға бағытталған қызметті;

соғыс қаупін болжау мен бағалау;  
мемлекеттің әскери саясаты мен әскери ілімін әзірлеу;  
басқа мемлекеттермен әскери-саяси және әскери ынтымақтастықты  
камтамасыз ету және бірлескен қорғаныс жөніндегі күш-жігерді үйлестіру,  
сондай-ақ соғысқа жол бермеу үшін халықаралық майданда тиісті шараларды  
жүргізуге қатысу;

мемлекеттік шекараны қорғау, азаматтық және аумақтық қорғаныс  
шараларын әзірлеу мен жүргізу;

Қарулы Күштердің құрылымын әзірлеу, қажетті санын анықтау және оларды  
қорғанысқа жеткілікті деңгейде ұстау;

әскери-техникалық саясатты әзірлеу мен жүргізу, қару-жарақ мен әскери  
техниканы, әскери ғылымды дамыту бағдарламаларын (жоспарларын) іске асыру  
;

экономиканы, мемлекеттік басқару органдары мен жүйелерін соғыс кезінде  
жұмыс істеуге жұмылдыру жағынан әзірлеу, сондай-ақ республиканың халқы  
мен аумағын, қатынас жолдарын қорғанысқа әзірлеу;

мемлекеттік және жұмылдыру резервтерінде материалдық қазыналар қорын  
жасау ;

Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке даярлау, соғыс  
кезінде жұмылдырылатын адам ресурстарын жинақтау;

соғыс кезінде мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының қызметін  
үйлестіру ;

мемлекеттік және әскери құпияны сақтау;  
әскери қызметке байланысты айналадағы ортаны қорғау жөніндегі  
шараларды жүзеге асыру .

**ЕСКЕРТУ. 2-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы  
Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

### **3-бап. Қазақстан Республикасының қорғанысы туралы заңдар**

Қазақстан Республикасының қорғанысы туралы заңдар Қазақстан  
Республикасының Конституциясына, осы Заңға, сондай-ақ Қазақстан  
Республикасының басқа да заң және өзге де нормативтік актілеріне негізделеді.

**ЕСКЕРТУ. 3-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің  
1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен .**

## **II БӨЛІМ**

# **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ, БАСҚА ӘСКЕРЛЕРІ МЕН ӘСКЕРИ ҚҰРАМАЛАРЫ**

#### **4-бап. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мақсаты мен құрамы**

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мақсаты: Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына қол сұғылмауын, оның аумақтық тұтастығы мен егемендігін қорғау; агрессордың шабуылын тойтару және оны жеңіліске ұшырату; мемлекеттік және әскери объектілерді күзету мен қорғау; Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің қарулы күштерімен бірлескен қорғаныс жөніндегі міндеттерді о р ы н д а у .

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін басқа жағдайларда қолдану Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мыналарды қамтиды: Қарулы Күштердің әскери басқару органдары (орталық және жергілікті әскери басқару органдары); Қарулы Күштердің түрлері - Құрылықтағы әскерлер, Әуе қорғанысы күштері. Құрылықтағы әскерлер құрамына: әскери округтер (Шығыс, Батыс, Орталық, Оңтүстік) әскер тектері (ракета әскерлері және артиллерия, әуе қорғанысы әскерлері) Ұтқыр күштер; Арнаулы әскерлер; Қарулы Күштердің тылы; әскери-оқу орындары, әскери-ғылыми мекемелер кіреді.

Бұдан басқа соғыс уақытында Қарулы Күштер құрамына: Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері; Шекара қызметі және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскерлері; Республикалық ұлан; Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі азаматтық қорғанысының басқару органдары мен бөлімдері (бұдан әрі - басқа да әскерлер мен әскери құралымдар) к і р е д і .

Қазақстан Республикасының жекелеген әскери құралымдары біріккен (коалициялық) қарулы күштердің (әскерлер тобының) құрамына уақытша енуі немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес біріккен командованиеде болуы мүмкін.

**ЕСКЕРТУ. 4-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 4-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.**

#### **5-бап. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері құрылысының принциптері**

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері жалпыға бірдей әскери міндеттілік және шарттасу жүйесі негізінде жасақталады, демократиялық басқаруды орталықтандырылған басшылықпен және дара билеумен ұштастыру, заң шығарушы және атқарушы өкіметтің конституциялық органдарға есеп беруі,

әскери қызметшілердің үнемі жауынгерлік әзірлігі, әлеуметтік-құқылық қорғаулы принциптері негізінде құрылады.

**ЕСКЕРТУ. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен .**

#### **6-бап. Әскерлерді орналастыру**

Әскери бірлестіктерді, құрамаларды, бөлімдер мен мекемелерді орналастыру мен жайғастыру Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әзірлеген жоспарларға сәйкес Қарулы Күштер Бас Қолбасшысының шешімі бойынша жүзеге асырылады .

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құрамаларына бөлінген жерлерге құрамалардың, бөлімдер мен мекемелердің орналастыруы мен жайғастырылуы Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен соң Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің, Ішкі істер министрінің, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының және Республикалық ұлан қолбасшысының шешімімен жүзеге асырылады .

**ЕСКЕРТУ. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.05.19. N 2283 заң күші бар Жарлығымен .**

**ЕСКЕРТУ. 6-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 6-баптың 2-бөлігінде сөздер ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 1999.04.05. N 360 Заңымен.**

**ЕСКЕРТУ. 6-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.**

#### **7-бап. Азаматтық қызметкерлер**

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының жұмысшылары мен қызметшілері әкімшілік, ғылыми-зерттеу, шаруашылық, өндіріс, құрылыс жұмыстары мен басқа да жұмыстарды атқарады. Олардың саны бөлінген қаражат шегінде белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының жұмысшылары мен қызметшілері еңбек және мемлекеттік қызмет туралы Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген еңбек құқылары мен міндеттерінің бүкіл жиынтығына ие болады.

Қарулы Күштер, басқа әскерлер мен әскери құрамалар жұмысшылары мен қызметшілерінің негізгі міндеттерінің бірі қызметтік және мемлекеттік құпияны сақтау болып табылады .

**ЕСКЕРТУ. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 7-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287**

Заңымен.

**8-бап. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі,  
басқа әскерлері мен әскери құрамаларындағы  
тәрбие жұмысының мақсаттары мен принциптері**

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа әскерлері мен әскери құрамаларындағы тәрбие жұмысының мақсаты адам құрамында жоғары моральдық-қайраттылық, жауынгерлік және психологиялық қасиеттерді қалыптастыру болып табылады. Бұл ретте ізгілік, қазақстандық патриотизм және интернационализм принциптеріне басымдық беріледі.

**ЕСКЕРТУ. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 8-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287**  
Заңымен.

**9-бап. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі,  
басқа әскерлері мен әскери құрамаларындағы саяси  
партиялардың қызметі туралы**

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлері мен әскери құрамаларында саяси партиялар құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

**ЕСКЕРТУ. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығына сәйкес.**

**10-бап. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде,  
басқа да әскерлерінде және әскери құралымдарында  
заңдылықтың сақталуын қадағалау әскери  
қызметшілердің құқықтық қорғалуын, әскерлерде  
құқық тәртібін қамтамасыз ету**

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының қызметінде заңдылықтың сақталуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры және оған бағынысты әскери прокурорлар жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы аумағында уақытша орналасқан басқа мемлекеттердің әскери құрамаларының заңдылықты сақтауын қадағалау жасалған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлері мен әскери құрамаларында әскери қызметшілер құқығын қорғауды, азаматтық және қылмыстық істердің қаралуын соттар жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлерінде және әскери құралымдарында құқық тәртібін қамтамасыз етуді ұйымдық жағынан Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің,

Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің құрамына кіретін әскери полиция жүзеге асырады. Әскери полицияның міндеттері мен құқықтары Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

**ЕСКЕРТУ. 10-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 10-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.**

### **III БӨЛІМ**

## **МЕМЛЕКЕТТІК ӨКІМЕТ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ**

## **ӨКІЛЕТТІГІ ЖӘНЕ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРГЕ, БАСҚА ӘСКЕРЛЕР МЕН ӘСКЕРИ ҚҰРАМАЛАРҒА БАСШЫЛЫҚ ЕТУ**

### **11-бап. Қазақстан Республикасының қорғанысына, Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құрамаларына басшылық ету**

Қазақстан Республикасының қорғанысына, Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құрамаларына жалпы басшылықты Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет органдары - Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне әскери-саяси басшылық жасау Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министріне жүктеледі.

Басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қызметтік-жауынгерлік қызметіне жедел басшылық жасау:

ішкі әскерлерге - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министріне;

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мен әскерлеріне - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасына;

азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен бөлімдеріне Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің төрағасына;

Республикалық ұланға - Республикалық ұлан қолбасшысына жүктеледі.

Қарулы Күштердің түрлеріне, әскер тектеріне, әскери округтерге, бірлестіктерге (құрамалар мен бөлімдерге) тікелей басшылық жасауды және басқаруды тиісті қолбасшылар (командирлер және бастықтар) жүзеге асырады.

**ЕСКЕРТУ. 11-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 11-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.**

## **12-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі**

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады. Ол мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету және оның Қарулы Күштерін үнемі жауынгерлік әзірлікте ұстау жөніндегі қажетті шаралар қолданады.

Қазақстан Республикасы Президенті:

әскери ілімді, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының құрылымын, штат саны лимитін, әскери құрылысының, республика аумағын жедел жабдықтаудың негізгі бағыттарын, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техниканы дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламаларын бекітеді;

Қазақстан Республикасына қарсы агрессия жасалған немесе оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қауіп төнген жағдайда Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде соғыс жағдайын енгізеді, ішінара немесе жаппай жұмылдыруды жариялайды және бұл жайында дереу Республика Парламентін хабардар етеді;

соғыс кезінің нормативтік актілерін күшіне енгізеді және олардың қолданылуын тоқтатады, жұмылдырудан босату туралы шешім қабылдайды;

әскери ілімнің қағидаларын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне ұрыс қимылдарын жүргізуге шешім қабылдап, бұйрық береді;

әскери саладағы ынтымақтастық туралы келіссөздер жүргізіп, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қояды;

әскери басқару органдарының өкілеттігін, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібін белгілейді;

Қарулы Күштердің жоғарғы қолбасшылығын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; жоғары атақтар береді;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының әскери антының мәтінін, жарғыларын, тулары мен жалауларын, әскери киім үлгілері мен айырым белгілерін бекітеді;

Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру және мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару туралы шешім қабылдайды.

**Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 12-баптың 2-бөлігінде сөздер ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 1999.04.05. N 360 Заңымен.**

**13-бап. Қазақстан Республикасы Парламентінің өкілеттігі**

Қазақстан Республикасының Парламенті:  
мемлекеттік қорғаныс пен қауіпсіздік саласындағы мәселелердің заң жүзінде  
реттелуін жүзеге асырады;

қорғанысқа бөлінетін жыл сайынғы шығыстарды бекітеді;  
әскери атақтарды белгілейді;

Қазақстан Республикасының қорғаныс пен әскери ынтымақтастық жөніндегі  
халықаралық шарттарын бекітеді және күшін жояды;

Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен  
қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін  
Қарулы Күштерді, басқа әскерлер мен әскери құрамаларды пайдалану туралы  
шешім қабылдайды;

соғыс және бітім мәселелерін шешеді;

**ЕСКЕРТУ. 13-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің  
1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

#### **14-бап. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің өкілеттігі**

Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі Қазақстан Республикасының  
қорғанысы мен қауіпсіздігі мәселелері бойынша алқалы басшылық ететін  
арнаулы орган болып табылады.

Қауіпсіздік кеңесінің өкілеттігін Қазақстан Республикасының Президенті  
белгілейді.

#### **15-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттігі**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:  
мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы  
саясаттың негізгі бағыттарын белгілейді және олардың жүзеге асырылуын  
ұйымдастырады;

қорғаныс пен Қарулы Күштерді, басқа әскерлер мен әскери құрамалар  
мұқтаждарына арналған жабдықтау нормаларын бекітеді және  
материалдық-техникалық ресурстардың, азық-түліктің, заттай және басқа да  
мүліктердің көлемін, қаржы көлемін белгілейді;

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа әскерлері мен әскери  
құрамаларын қарумен, әскери техникамен және материалдық-техникалық  
ресурстармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

қару-жарақты дамытудың мемлекеттік бағдарламалары мен жоспарларын  
орындауды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери  
құрамаларының инфрақұрылымын жасауға басшылық етеді;

әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтардың жыл сайынғы шекті  
мөлшерін, сондай-ақ даярлау мен қайта даярлауға жататын әскери



машықтандырылған мамандардың жыл сайынғы санын белгілейді; шақыруға дейінгілер мен шақырылушыларды әскери қызметке даярлауға әрі азаматтарды әскери қызметке шақыруға және әскери машықтандырылған ресурстардың жинақталуына жалпы басшылықты жүзеге асырады, әскери міндеттілерді жиынға шақыру туралы қаулылар шығарады;

Әскери міндеттілер мен шақырылушылардың әскери есебін жүргізу тәртібі туралы ережені, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі әскери қызметтен және запастағы қызметтен өту ережесін бекітеді;

меншік нысанына қарамастан ұйымдар үшін жұмыс күшін броньдау мәселелері жөніндегі комиссияны құрады;

Қарулы Күштер, басқа әскерлер мен әскери құрамалар жоғары және орта әскери-оқу орындарын, ғылыми-зерттеу ұйымдарын, жоғары оқу орындарының әскери кафедраларын, республикалық әскери мектептер, өнеркәсіп орындарында әскери өкілдіктер құрады және оларды таратады, сондай-ақ олардың қызметі туралы ережені бекітеді;

жергілікті әскери басқару органдары туралы ережені бекітеді;

азаматтық және аумақтық қорғанысқа басшылық етеді;

экономиканы жұмылдыру жоспарларын жасауды ұйымдастырады, министрліктерге, агенттіктерге және меншік нысанына қарамастан, ұйымдарға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жұмылдыру резервтері мен жұмылдыратын құжаттарды жинақтау мен сақтау жөніндегі тапсырмаларды белгілейді;

министрліктердің, меншік нысанына қарамастан агенттіктердің, ұйымдардың әскери-көлік міндеттері туралы ережені бекітеді;

экономиканы жұмылдыруға әзірлікке, жұмылдыруды өрістетуге және оны соғыс кезі жағдайындағы жұмыс режиміне көшіруге басшылық етеді, соғыс кезінің нормативтік актілерін шығарады;

жұмылдыру жарияланған жағдайда және соғыс кезінде көлік, байланыс құралдарын, басқа да материалдық-техникалық құралдарды әзірлеу мен Қарулы Күштерге беру жөніндегі тапсырмаларды белгілейді, өзге де жұмылдырушылық тапсырмалар жүктейді;

қару мен әскери техниканың, стратегиялық материалдардың, озық технологиялардың және екі жақты мақсаттағы өнімдердің экспортын бақылауды ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының аумағында қорғаныс объектілерін құру және олардың пайдаланылу тәртібі туралы шешім қабылдайды.

қаруды, әскери техниканы, қорғаныс объектілері мен басқа да әскери мүліктерді беру, жалға тапсыру, өткізу мен кәдеге жарату тәртібін белгілейді;

әскери қызметшілердің, запасқа немесе отставкаға шығарылған адамдардың,

олардың үйелмендерінің, сондай-ақ қызмет міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған), хабар ошарсыз кеткен немесе тұтқынға түскен әскери қызметшілер үйелмендерінің әлеуметтік және құқылық кепілдіктері мәселелері жөнiнде шешiм қабылдайды;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлер мен әскери құрамалар азаматтық қызметкерлері үшін жеңілдіктер белгілейді; мемлекеттік қорғаныс тапсырысы бойынша жасалатын өнімнің сапасына қойылатын талап пен техникалық қабылдау тәртібін бекітеді.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.

**ЕСКЕРТУ. 15-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.**

**16-бап. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкілеттіліктері және Қарулы Күштері Бас штабының міндеттері**

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мемлекетте бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізетін және Қазақстан Республикасында Қарулы Күштер мен қорғаныс құрылысына басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы әскери басқару органы болып табылады.

Қорғаныс министрлігінде саны мен жеке құрамын Қорғаныс министрі бекітетін алқа құрылады.

Қорғаныс Министрі бейбіт кезде Қарулы Күштерге басшылықты Бас штаб арқылы жүзеге асырады.

**Қорғаныс министрлігі:**

мемлекеттің әскери саясаты мәселелері жөнiнде ұсыныстар әзірлейді;

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын, Қарулы Күштерінің Құрылысы мен дамуы тұжырымдамаларын әзірлеу жөнiндегі жұмысты жүргізеді;

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі бекіткен Қарулы Күштердің, Министрлік аппаратының және министрлікке бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің штат санының лимиті шегінде Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектерінің құрылымын, штат санын, сондай-ақ Қорғаныс министрлігіне бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің штат санын белгілейді;

Әскери міндеттілер мен шақырылушылардың әскери есебін жүргізу тәртібі туралы ережені, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметтен және запастағы қызметтен өту ережесін әзірлейді;

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін күзету мен қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

елдің қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету мақсатында барлау

қызметін жүзеге асырады;

Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектері мен арнаулы әскерлердің жедел мақсаттары мен міндеттерін, оларды Қазақстан Республикасының басқа да әскерлерімен және әскери құралымдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің қарулы күштерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, қолдануды айқындайды;

Қарулы Күштерді жауынгерлік және жұмылдырушылық дайындықта ұстау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырып, жүргізеді;

ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және басқа жұмыстарға басшылықты жүзеге асырады, олардың сапасын бақылауды ұйымдастырады;

әскерлерді инспекциялауды және Қарулы Күштерде қаржы қаражатының жұмсалуын бақылауды жүзеге асырады;

елдің әскери қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік басқару органдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

әскери-оқу орындарының, азаматтық оқу орындары әскери кафедраларының қызметі мен оқу-тәрбие жұмысының сапасын бақылауды жүзеге асырады;

басқа мемлекеттік уәкілетті органдармен бірлесіп азаматтық және аумақтық қорғаныс жоспарларын әзірлеуге қатысады;

азаматтарды заңдарға сәйкес әскери қызметке (жиындарға) шақыруды және белгіленген қызмет мерзімін өткерген әскери қызметшілерді запасқа шығаруды, сондай-ақ азаматтарды соғыс уақытында жұмылдыру бойынша шақыруды және жұмылдырудан кейін босатуды жүзеге асырады;

шақырылуға дейінгі және шақырылатын жастарды әскери қызметке даярлауға қатысады;

Қарулы Күштердегі тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстарға басшылықты жүзеге асырады;

республикалық бюджет жобасында қорғанысқа арналған шығыстар бойынша ұсыныстар әзірлейді және бөлінген қаржы қаражатының жұмсалу тәртібін белгілейді;

Қарулы Күштер үшін қару-жарақ, әскери техника мен жарақтар өндіруді, күрделі жөндеуді және сатып алуды, сондай-ақ әскери объектілерді салу мен жөндеуді ұйымдастырады;

Қарулы Күштер үшін азық-түлікке, заттай және басқа да мүлікке көбінесе отандық тауар өндірушілерге тапсырыстар беру мен олардың өндірісін қаржыландыруды және оларды сатып алуды жүзеге асырады;

қорғаныс өнеркәсібін дамыту мен конверсиялаудың, қорғаныс және екіұдай мақсаттағы өнімді жоюдың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу мен орындауға қатысады;

шет мемлекеттердің әскери ведомстволарымен халықаралық әскери ынтымақтастықты жүзеге асырады;

Қарулы Күштерде заңдылық пен құқық тәртібінің сақталуы жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және әскери қызметшілерге, олардың отбасы мүшелері мен азаматтық қызметкерлерге әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген реттерде қорғаныс мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер шығарады және олардың орындалуын бақылайды;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қорғаныс және қауіпсіздік мәселелері бойынша өзге де қажетті өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы бейбіт уақытта және соғыс кезінде мемлекеттің Қарулы Күштерін басқарушы басты орган болып табылады.

Бас штаб бейбіт уақытта:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары құрылысының, дамуының жоспарларын әзірлеуді үйлестіреді; әскерлердің жедел, жауынгерлік және жұмылдырушылық даярлығына басшылықты жүзеге асырады;

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жедел-стратегиялық жоспарлануын және өзара іс-қимылын ұйымдастырып, жүзеге асырады, сондай-ақ қорғаныс мүддесін көздеп ел аумағын жедел жабдықтау жоспарын әзірлейді;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері және әскери құралымдарының Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің қарулы күштерімен оралымды қолданылуы мен өзара іс-қимылының жоспарын әзірлеуге қатысады.

Соғыс кезінде Бас штаб Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Ставкасының негізгі жұмыс органы болып табылады.

Бас штабтың бастығы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары болып табылады.

**ЕСКЕРТУ. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 16-баптың 2-бөлігінің 7-азатжолы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.04.05. N 360 Заңымен.**

**ЕСКЕРТУ. 16-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.**

## 17-бап. Министрліктердің, агенттіктердің және ұйымдардың өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі жұмылдыру жоспарын әзірлейді, Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігінің мемлекеттік мұқтаждарын, сондай-ақ үкіметаралық келісімдер мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес қару-жарақ, әскери техника мен басқа да материалдық құралдарды экспорттауды көздейтін мемлекеттік қорғаныс тапсырысының жобасын жасап, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұ с ы н а д ы .

Жұмылдыру жоспарын, мемлекеттік қорғаныс тапсырыстарын қалыптастыру, бекіту мен орындау тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

Министрліктер мен ведомстволар:

ағымдағы жылға және соғыс кезіне арналған қару-жарақ пен әскери техника ш ы ғ а р у м е н б е р у ;

қару-жарақ, әскери техника мен басқа да әскери мүліктерді өндіруге арнап жұмылдырылатын қуаттар жасау, дамыту және сақтау;

қорғаныс мұқтаждары үшін азық-түлік тауарлары мен заттан мүліктер беру; мемлекеттік және жұмылдырылатын материалдық резервтер жасау ж о с п а р л а р ы н ы ң ;

тиісті жоспарлы кезеңге арналған қорғаныс мұқтаждары үшін материалдық-техникалық ресурстар көлемі жөніндегі жоспарлардың жобаларын жасайды. Республиканың Қорғаныс министрлігімен бірлесе отырып аталған жобалар мен ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына е н г і з е д і .

Министрліктер, агенттіктер, ұйымдары экономиканың тапсырылған саларында қорғаныс мұқтаждары үшін қажетті өнімдердің берілуі және осы салада өздеріне жүктелген басқа да міндеттердің жүзеге асырылуы үшін жауапты б о л а д ы .

Министрліктер, агенттіктер, ұйымдар:

қару-жарақты, әскери техниканы зерттеу, әзірлеу, сынау, өндіру мен жөндеу жөніндегі, сондай-ақ қорғаныс мұқтаждарына арналған материалдық-техникалық ресурстарды, азық-түлік тауарлары мен заттай мүліктерді беру жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді;

саланың жұмылдырушылық әзірлігіне, жұмылдыруға арналған объектілерді, қорғаныс мұқтаждарына қажетті өнімдерді әзірлеу, өндіру, шығару мен жөндеу жөніндегі қуаттарды жасауға, дамытуға және сақтауға басшылық жасайды әрі жұмылдырылатын резервтердің жинақталуын қамтамасыз етеді;

соғыс кезінде саланың тұрақты жұмыс істеуі жөніндегі шараларды жүзеге

асырады, оны соғыс кезінің жұмыс режиміне көшіру жоспарларын жасайды; көлікті соғыс кезінде жұмыс істеуге дайындауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ жұмылдыру жариялануына байланысты және соғыс кезінде өзге де жұмылдырушылық міндеттерді орындайды;

азаматтық және аумақтық қорғаныс шараларын ұйымдастырып, жүргізеді және оларды қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың орындауын қамтамасыз етеді;

республика халқы мен аумағын қорғанысқа әзірлеуге қатысады, өз қаражаты есебінен азаматтарды әскери қызметке даярлау үшін қажетті оқу-материалдық база жасайды, қорғаныс мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы заңдарының сақталуына үнемі бақылау жасауды жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға қорғаныс шараларын орындау үшін қажетті қаржы бөледі;

Қарулы Күштердің, басқа әскерлері мен әскери құрамалардың әуе кемелеріне олардың өтінімдері бойынша әуе-жай жүйелерін ақысыз береді.

Өнеркәсіптің қорғаныс салалары ұйымдары 2-абзацта аталған міндеттерден басқа Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар, қару-жарақ пен әскери техниканың күрделі бұйымдарын жасау мен дайындаудың салааралық кооперациясын қамтамасыз ету жөнінде және қорғаныс мүдделері үшін өнеркәсіптің салааралық әрі салалық дамуының басым бағыттары бойынша ұсыныстар береді;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тағайындауымен қару-жарақ пен әскери техника өндіретін, қорғаныс мүдделері үшін ғылымды, өнеркәсіпті дамытудың ірі кешенді бағдарламаларын орындайтын басты мекемелердің қызметін жүзеге асырады.

Өнеркәсіптің қорғаныс салалары ұйымдары құрылтай шартында (жарғысында) осы Заңның 19-бабында аталған міндеттерді жүзеге асыру жөніндегі шараларды көздеуге міндетті.

**ЕСКЕРТУ. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 17-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.**

### **18-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдарының өкілеттігі**

Жергілікті өкілді және атқарушы органдары қорғаныс туралы Қазақстан Республикасының заңдарын қарамағындағы барлық кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, сондай-ақ лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауына жауапты болады.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдары өздерінің құзыреті шегінде:  
қорғаныс саласындағы шаралар мен жұмылдыру тапсырмаларының  
орындалуын ұйымдастырып, бақылайды;

қорғаныс мұқтаждары үшін жер беріп, оларды Қазақстан Республикасы  
Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының, әскери  
бөлімдерінің, мекемелерінің әскери-оқу орындарының, кәсіпорындары мен  
ұйымдарының пайдалануына және қорғауына бақылау жасайды;

әскерлердің орналастырылуы мен пәтерлерге жайғасуына көмектеседі,  
шарттық негізде басымдық тәртібімен әскери бөлімдерге, мекемелер мен  
ұйымдарға жергілікті бағыныстағы кәсіпорындар өндіретін  
өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер мен азық-түліктің берілуін  
қамтамасыз етеді, сондай-ақ сумен, электр және жылу энергиясымен үздіксіз  
жабдықталуы, байланыс құралдарының берілуі, коммуналдық-тұрмыстық және  
басқа да қызметтердің көрсетілуі үшін жауап береді;

өз аумағындағы азаматтық қорғанысқа басшылық етіп, оның жай-күйіне  
жауап береді;

әскери басқару органдарымен бірлесе отырып аумақтық қорғанысты  
ұйымдастыруға қатысады;

Қазақстан Республикасының заңдарымен өздеріне жүктелген есепті-шақыру  
және жұмылдыру жұмысын жүргізу жөніндегі шығыстарды жергілікті бюджетте  
қарастырады және олардың жұмсалуын жүзеге асырады;

әскери комиссариаттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, ескерткіштерді,  
әскери зираттар мен жауынгерлер қабірлерін тиісті тәртіпте күтіп ұстайды, қаза  
тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілерді жерлеуге көмек көрсетеді;

әскери комиссариаттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, шақыруға  
дейінгілердің, шақырылушылар мен әскери қызметшілердің әскери есебі,  
азаматтарды әскери қызмет пен жиындарға даярлау мен шақыру, Қазақстан  
Республикасын қорғау мен азаматтық қорғанысқа қатысу жөніндегі  
конституциялық борышын орындауға халықты әзірлеу жөнінде, жүргізілетін  
қорғаныс шараларын материалдық, медициналық жағынан және өзгелей де  
қамтамасыз ету жөнінде шаралар жүргізеді;

әскери қызметшілерді, әскери қызметтен босатылған адамдарды және  
олардың үйелмендері мүшелерін белгіленген тәртіп бойынша тұрғын жайлармен  
қамтамасыз етеді;

әскери объектілер, әскери қалашықтар, әскери қызметшілер, олардың  
үйелмендері мүшелері жөнінде олар тұратын жерлерде құқыққа қарсы  
әрекеттерге жол бермеу шараларын қолданады;

өз аумағына орналасқан әскери бөлімдермен байланыс орнатып, оны үзбейді  
және әскери қызметшілер мен олардың үйелмендері мүшелерін мәдени-ағарту,

сауда-тұрмыстық және медициналық жағынан қамтамасыз етуді жақсарту жөнінде, әскери қызметшілер мен әскери қызметтен босатылған адамдардың үйелмендері мүшелерін жұмысқа орналастыру жөнінде шаралар қолданады.

**ЕСКЕРТУ. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 18-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.**

#### **19-бап. Меншік нысанына қарамастан ұйымдардың қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі қызметі**

Меншік нысанына қарамастан ұйымдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

қорғаныс үшін қажетті қару-жарак, техника мен басқа да мүлікті, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді, азық-түлікті, электр энергиясын, отынды, жанар-жағар май материалдарын жасау, өндіру, беру және жөндеу жөніндегі мемлекеттік қорғаныс мұқтажының өтінімдерін, шарттық міндеттемелерді басымдық тәртібімен орындайды, сондай-ақ мердігерлік жұмыстарды жүзеге асырады және әскери бөлімдерге коммуналдық, тұрмыстық қызмет көрсетеді;

өз қызметкерлеріне олардың әскери міндеттерін орындауы үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қажетті жағдайлар туғызады;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жұмылдырылатын қуаттарды жасау, ұлғайту мен сақтау, сондай-ақ жұмылдырылатын резервтің материалдық құндылықтарын жинауды, жаңартуды, сақтау мен оған қол сұғылмауын қамтамасыз етеді.

**ЕСКЕРТУ. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 19-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.**

### **IV БӨЛІМ.**

## **ЖАУЛАСУ ЖАҒДАЙЫ, СОҒЫС КЕЗІ, СОҒЫС ЖАҒДАЙЫ, ЖҰМЫЛДЫРУ**

#### **20-бап. Жауласу жағдайы, соғыс кезі**

Жауласу жағдайын республикаға соғыс шабуылы (агрессия) жасалған ретте немесе агрессиядан бірлесіп қорғану жөніндегі халықаралық шарттар міндеттемелерін орындау қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Парламенті жариялайды.

Жауласу жағдайының жариялануына немесе ұрыс қимылдарының



басталуына байланысты соғыс кезі туады. Жауласу жағдайын жарияланған немесе Қазақстан Республикасына соғыс шабуылы (агрессия) жасалған күн мен уақыт соғыс кезінің басталуы болып табылады. Соғыс қимылдарының тоқтатылған жарияланған күн мен уақыт соғыс кезінің аяқталуы болып табылады.

Қазақстан Республикасына соғыс шабуылы (агрессия) жасалған ретте әскери командование және мемлекеттік өкімет пен басқару органдары соғыс жариялауды күтпестен шабуылға (агрессияға) тойтарыс беру үшін барлық шараны қолдануға міндетті.

**ЕСКЕРТУ. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

### **21-бап. Соғыс жағдайы**

Республикаға қарсы агрессия болған не оның қауіпсіздігіне тікелей сырттан қатер төнген жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде соғыс жағдайын енгізеді, ішінара немесе жалпы жұмылдыруды жариялайды және бұл туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне дереу хабарлайды.

Соғыс жағдайы жарияланған жерлерде әскери командованиенің өкілеттігі кеңейтіледі, оған қорғаныс және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының барлық қызметі көшеді, халық үшін кәсіпорындар мен ұйымдар қызметіне шектеулер енгізіледі. Соғыс жағдайы режимі Қазақстан Республикасының заңымен белгіленеді.

**ЕСКЕРТУ. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 21-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.**

### **22-бап. Жұмылдыру**

Жауласу жағдайының немесе соғыс жағдайының жариялануына байланысты, егер бұдан бұрын жарияланбаса, ішінара немесе жаппай жұмылдыру жарияланады.

Жұмылдыру жариялануына байланысты Республика Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құрамаларына және экономика салаларын жұмылдыруды өрістетуге жөніндегі шаралар жүзеге асырылады.

Жұмылдыруды жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңымен белгіленеді.

**ЕСКЕРТУ. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

## **V БӨЛІМ.**

### **ҚОРҒАНЫСТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

#### **23-бап. Экономиканы қорғанысты қамтамасыз етуге дайындау**

Қазақстан Республикасының экономикасын қорғанысқа дайындауға жауаптылық Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүктеледі.

Қорғаныс қажеттерін қанағаттандыру мақсатында: зерттеулер жүргізу мен талдамалар жасау үшін, қару-жарақты, әскери техника мен қорғаныс мақсатындағы басқа да өнімдерді өндіру және жөндеу үшін ғылыми-техникалық қуат, өндірістік қуаттар, материалдық резервтер жасалып, пайдаланылады. Сонымен қатар, қаржымен және материалмен қамтамасыз ету, бағалар, несиелер, экономикалық нормативтер, жеңілдіктер мен тыйым салу жүйелері, сондай-ақ қорғаныс мақсатындағы өнімдер жөніндегі тапсырыстар мен шарттардың орындалу тәртібі қалыптастырылады. Еңбек ресурстарын, экономиканы соғыс кезіндегі жағдайларда жұмыс істеуге әзірлік жүргізіледі.

Бұл жұмыс бейбіт кезде алдын ала жүзеге асырылады. Осы мақсатта жұмылдыруға әзірлік және өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, көліктің, байланыстың, денсаулық сақтау мен экономиканың басқа да салаларының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешені жүргізіледі. Соғыс кезінде экономиканы басқаруды тәртіптейтін құжаттар әзірленеді. Экономиканы соғыс кезінде жұмыс істеуге әзірлеуді жоспарлау мен бақылау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі министрліктерде, агенттіктерде, ұйымдарда әскери-жұмылдыру органдарын құрады.

**ЕСКЕРТУ. 23-бабының 2-бөлігіндегі сөз алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.10.05. N 2488 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 23-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.**

#### **24-бап. Ғылыми-зерттеу қызметі және кадрлар даярлау**

Қорғаныс қажетін қамтамасыз ету мақсатында әскери бағыттағы ғылыми-зерттеу мекемелері әскери іс саласында іргелі зерттеулерді, сондай-ақ нақты талдамалар мен қару-жарақтың жаңа түрлерін енгізуді жүзеге асырады.

Әскери кадрларды даярлау мен қайта даярлау Қазақстан Республикасының әскери және азаматтық оқу орындарында, сондай-ақ халықаралық шарттар негізінде шет елдерде жүзеге асырылады.

**ЕСКЕРТУ. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

#### **25-бап. Қаржымен қамтамасыз ету**

Қарулы Күштерді, басқа әскер мен әскери құрамаларды қаржыландыру, сондай-ақ қару-жарақ, әскери техника, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер жасауға, өндіруге, сатуға, жөндеуге және сатып алуға, күрделі құрылысқа, әскери қызметшілерді зейнетақымен қамтамасыз етуге, міндетті мемлекеттік жеке сақтандыруға жұмсалатын шығындар республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген және Қазақстан Республикасының Парламенті және маслихаттары бекіткен қаражат есебінен және сол шекте Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері мен агенттіктері арқылы бір орталықтан жүзеге асырылады.

Достастық мемлекеттерімен бірлесіп пайдаланатын, Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан әскери объектілерді қаржыландыру арнаулы келісімдер мен шарттарда айтылған үлес қосып қатысу қаражаты есебінен жүргізіледі.

**ЕСКЕРТУ. 25-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 25-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.**

#### **26-бап. Материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету**

Мемлекет қорғаныстың материалдық қажеттерін қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құрамаларына республиканы қарумен қорғау үшін не қажеттің бәрімен жаратандырады.

Қарулы Күштерді, басқа әскерлер мен әскери құрамаларды, материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету мемлекеттік мұқтаж үшін өнім беру тапсырыстары негізінде, қару-жарақ пен әскери техниканы қоса алғанда өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді жасауға, өндіруге, беруге және қамтамасыз етуге, сондай-ақ заттай мүлікпен, азық-түлікпен, медициналық техникамен және медициналық дәрі-дәрмекпен, басқа да материалдық құралдармен қамтамасыз етуге арналған мемлекетаралық келісімдер негізінде басым тәртіппен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру тәртібі, оны материалдық-техникалық жағынан және қаржымен қамтамасыз етуді, сатып алу шарттарын Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді. Министрліктердің, агенттіктердің және басқа да мемлекеттік органдардың, ұйымдардың мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындаудан бас тартуға хақысы жоқ.

**ЕСКЕРТУ. 26-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 26-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.**

## **27-бап. Мүліктерді қорғаныс мүдделері үшін пайдалану**

Әскери объектілер мен ғимараттар, қару-жарақтың, әскери техниканың барлық түрі, оқ-дәрілер және басқа да әскери-техникалық мүлік республикалық меншік болып табылады, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының жедел басқаруында болады, олар заңдармен белгілеген негізде және шекте бұларды иелену, пайдалану және билік ету құқығын жүзеге асырады.

Мемлекет меншігі болып табылатын әрі жедел басқару шаруашылық жүргізу құқығындағы экономика салаларының ұйымдарына бекітіліп берілген және қорғаныс мұқтаждарын қамтамасыз ету мен жұмылдыру тапсырмаларын, орындауға арналған мүлік меншік иесінің келісімімен еңбек ұжымдарының меншігіне көшіруге жатпайды және сатып алу-сату объектісі бола алмайды. Аталған мүлік жалға берілуі мүмкін.

Бейбіт кезде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері пайдаланбайтын Қазақстан Республикасы аумағындағы қорғаныс объектілері оларды иеленушілер есебінен сақтауға қоюға жатады және жергілікті атқарушы органдарына, сондай-ақ мүдделі мемлекеттер үкіметтері арасындағы арнаулы келісімдер негізінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының басқа мемлекеттері ұйымдарына уақытша пайдалануға берілуі (соның ішінде жалға берілуі) мүмкін. Қажет болмай қалған қорғаныс объектілерінің сатылуы ықтимал.

Осы тармақта көрсетілген мүліктер мен қорғаныс объектілерін беру (сату) тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Мемлекет меншігі емес объектілер мен мүліктер соғыс кезінде қажет болған ретте Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қорғаныс мұқтаждарын қамтамасыз ету және жұмылдыру тапсырмаларын орындау үшін пайдаланылуы мүмкін.

**ЕСКЕРТУ. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 27-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.**

## **28-бап. Қорғаныс мұқтаждары үшін жер бөлу, үйлер, ғимараттар, объектілер және басқа да мүліктер беру**

Жер қорғаныс мұқтаждары үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіп бойынша ақыға беріледі.

Әскери бөлімдерді, мекемелерді, әскери-оқу орындарын, өзге де ұйымдарды орналастыру және олардың тұрақты қызметі үшін берілген жер учаскелері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери

құрамаларының иелігінде және пайдалануында болады.

Қорғаныс мұқтажына жерді алып қоюға байланысты жер иеленушілер мен жер пайдаланушыларға келтірілген зиян толық көлемінде өтеледі.

Қорғаныс мұқтажы үшін жерді алып қойған кезде ауыл шаруашылық өндірісінің тартқан шығынын өтеуді әрбір нақты жағдайда жер бөлуді ресімдеу барысында Қазақстан Республикасының Үкіметі шешеді.

Қорғаныс мұқтаждары үшін берілген жерлерді пайдаланған кезде Қарулы Күштер, басқа әскерлер мен әскери құрамалар Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға міндетті, ал орын ауыстыруы және көшірілуі кезінде босаған жерлерді өз есебінен толық қалпына келтіреді.

Қорғаныс мұқтаждары үшін әскери ведомстволарға үйлер, ғимараттар, әртүрлі объектілер мен басқа да мүлік берілуі мүмкін, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен кері қайтарылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының жерлерін және әскери объектілерінің жылжымалы және жылжымайтын мүліктерін, соның ішінде басқа мемлекеттердің әскери құрамаларына жалға берілетін мүліктерін иелікке беру мен пайдалану тәртібі халықаралық шарттармен белгіленеді.

**ЕСКЕРТУ. 28-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

**ЕСКЕРТУ. 28-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.**

## **VI БӨЛІМ**

### **АЗАМАТТАРДЫҢ ҚОРҒАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫЛАРЫ**

#### **29-бап. Азаматтардың қорғаныс саласындағы міндеттері**

Қазақстан Республикасын қорғау және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлері мен құрамаларында қызмет ету Қазақстан Республикасының әрбір азаматының қасиетті борышы әрі міндеті болып т а б ы л а д ы .

Азаматтар Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғауға, оның қуатын нығайтуға, өзін Қазақстан Республикасын қорғауға әзірлеуге және жалпыға бірдей әскери міндетін орындауға, азаматтық қорғаныс шараларына қатысуға және қорғаныс мүдделері үшін Қазақстан Республикасының заң актілерімен көзделген өзге міндеттерді орындауға міндетті. Қазақстан Республикасының азаматтары әскери қызметтен жалтарғаны үшін заңда белгіленген тәртіппен ж а у а п т ы б о л а д ы .

**ЕСКЕРТУ. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы**

Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.

**ЕСКЕРТУ. 29-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287**

Заңымен.

### **30-бап. Азаматтардың қорғаныс саласындағы құқылары**

Қазақстан Республикасы қорғанысын қамтамасыз етуге қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы азаматтарына арналып заңдарда көзделген, қорғаныс міндеттерін атқарудың ерекшеліктерімен байланысты тыйым салулар мен шектеулерді қоспағанда, әлеуметтік-экономикалық саяси және жеке құқылар мен бостандыққа ие болады. Мемлекеттік әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасын қорғау жөніндегі өзінің әскери борышын орындау үшін тиісінше жағдай жасауға кепілдік береді, әскери қызмет өтеу тәртібін белгілейді.

Қазақстан Республикасында тұратын басқа мемлекеттердің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының мүддесі үшін әскери қызмет атқаруға құқылы.

Осы бапта аталған адамдардың Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген құқылары мен бостандығын шектеуге немесе олардан айыруға тыйым салынады. Бұған кінәлі адамдар жауапқа тартылады.

**ЕСКЕРТУ. 30-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287**

Заңымен.

## **VII БӨЛІМ**

### **АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС. АУМАҚТЫҚ ҚОРҒАНЫС**

#### **31-бап. Азаматтық қорғаныс**

Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысы жалпы мемлекеттік қорғаныс шараларының құрамдас бөлігі болып табылады әрі бейбіт уақытта және соғыс кезінде республика халқы мен экономикасын табиғи зілзалалар, ірі апаттар мен опаттар және агрессордың қазіргі замандағы қырып-жоятын құралдар қолдануы зардаптарынан қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады, сондай-ақ төтенше жағдай пайда болған аудандар мен зақымдану ошақтарында құтқару жұмыстарын және басқа да кідіртуге болмайтын жұмыстарды жүргізеді.

Төтенше жағдай зардаптарын жою міндеттері, оларды ұйымдастыру мен жою тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

**ЕСКЕРТУ. 31-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

#### **32-бап. Аумақтық қорғаныс**

Аумақтық қорғанысты Қазақстан Республикасының Үкіметі ұйымдастырады және ол мемлекеттік шекараның учаскелерін қорғау, Қазақстан Республикасының аумағындағы маңызды объектілер мен коммуникацияларды қорғау мен агрессия болған жағдайда десанттар мен диверсиялық күштерге қарсы күрес, сондай-ақ соғыс жағдайы режимін ұстау мақсатында жүзеге асырылады.

Аумақтық қорғаныс күштері мен құралдарының міндеттерін, ұйымдастырылуын және өзара іс-қимыл тәртібін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Бас қолбасшысы белгілейді.

**ЕСКЕРТУ. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен.**

## **VIII БӨЛІМ**

### **ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **33-бап. Халықаралық құқық және Қазақстан Республикасының қорғанысы**

Қорғанысты ұйымдастырып, жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасы халықаралық құқық нормаларын, өзі қатысушы болып табылатын шарттар мен келісімдерді сақтайды.

Қазақстан Республикасының агрессиядан бірлесіп қорғануды қамтамасыз ету, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі басқа мемлекеттермен ынтымақтастығы Біріккен Ұлттар Ұйымының жеке-дара және ұжымдық қорғаныс құқығы туралы Жарғысының ережелеріне сәйкес құрылады.

#### **34-бап. Қазақстан Республикасының қорғаныс туралы заңдарын бұзғандық үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының қорғаныс туралы заңдарын мемлекеттік органдардың және меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың орындамағаны үшін олардың басшылары және басқа да лауазымды адамдары, сондай-ақ қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі өз міндеттерін орындамағаны үшін азаматтар Қазақстан Республикасының заңдарына белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Әскери бөлімдердің, бөлімшелердің, әскери қызметшілердің өздеріне жүктелген міндеттерін орындауына кедергі келтіретін әрекеттер және оларға қарсылық білдіру, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа әскерлер мен әскери құрамаларын көпшілік алдында қорлау және оларға жала жабу, сондай-ақ әскери рәміздерді, қаза тапқан (қайтыс болған) жауынгерлердің ескерткіштерін, зираттары мен қабірлерін жәбірлеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылыққа әкеп соқтырады.

ЕСКЕРТУ. 34-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2636 заң күші бар Жарлығымен, 2002.01.29. N 287 Заңымен.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК